

ӨОЖ 821.512.122

ГТАХР 16.01.11

<https://doi.org/10.48371/PHILS.2025.4.79.019>

ҚАЗАҚ ТІЛ БІЛІМІНДЕ «СӨЗ» ҰҒЫМЫ МЕН ҚЫЗМЕТІНІҢ ЗЕРТТЕЛУІ

*Мырзабаева Б.Д.¹, Алкебаева Д.А.

^{*1,2}әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан

Аңдатпа. Қазақ лингвистикасының өзіндік даму тарихы бар. Тіл білімінде жыл өткен сайын ғылымның жаңа салалары пайда болып келеді. Қазіргі тіл біліміндегі өзекті зерттеліп жатқан саланың бірі – сөз, сөз мәдениеті. Адамның сөзін зерттеу – лингвистиканың, психологияның, биологияның, әлеуметтанудың, физиканың және т.б. салалардың тоғысуында пайда болып жатқан әр түрлі ғылымдардың өмірге келуіне ықпал етті.

Мақалада негізінен қазақ тіл біліміндегі ғалымдардың сөз бен оның қызметіне қатысты ғылыми пайымдаулары, көзқарастары, тұжырымдары қарастырылып, оның мағынасының шығуы мен тарихын табудың әдіс-тәсілдерінің, жолдарының теориялық және әдістемелік негіздері қарастырылды.

Ғылыми-зерттеудің мақсаты — қазақ тіл білімінің даму тарихында сөзге қатысты зерттеулерді талдау, сөздің мәнін, қызметін ашу, сөзтануды жан-жақты зерттеуді қолға алуды көрсету.

Зерттеу жұмысының бағыты - сөзді лингвистикалық, психологиялық, әлеуметтік, когнитивтік аспектілерде кешенді талдау арқылы психолингвистика, әлеуметтік лингвистика, когнитивті лингвистика, сөз мәдениеті, прагматистика секілді тіл ғылымдар аясында қарастыру.

Зерттеу жұмысының ғылыми маңыздылығы – қазақ тіл білімінде өзекті болып саналатын «сөз» ұғымының мәні мен қызметін ашу, сөзтану ғылымының қалыптасу және даму тарихын көрсету, осы зерттеу тұжырымдарын сөз мәдениеті, сөзтану салаларында қолдану.

Зерттеу әдіснамасы ретінде мақсатқа жету үшін мәліметтерді жинақтау, іріктеу, жүйелеу, түсіндіру, талдау, саралау әдіс-тәсілдері қолданылды.

Зерттеу жұмысының негізгі нәтижелері - қазақ тіл білімінің даму кезеңдерінде сөз бен оның қызметіне қатысты ғылыми тұжырымдардың да жыл өткен сайын жетіліп, терең зерттеліп, бүгінде сөзтану мен сөз мәдениетінің ғылыми-теориялық негізінің айқындалғаны анықталады. Тіл мен сөздің зерттеу салалары сараланады.

Қазіргі таңда қазақ тіл білімінің жаңа салалары бойынша зерттеулер көп. Әйтсе де ғылыми зерттеуді қажет ететін сөзтануға, әлеуметтік лингвистикаға, психолингвистикаға, сөз мәдениетіне қатысты зерттеулердің қарастырылуы және талдануы жұмыстың құндылығын көрсетеді. Мақаланы жоғары оқу орындарында «Сөзтану», «Әлеуметтік лингвистика», «Сөз мәдениеті» пәндеріне материал ретінде пайдалануға болады.

Зерттеу қорытындысының практикалық маңызы – мақалада талданған сөз бен оның қызметі туралы қазақ тіл ғылымының ғалымдарының тұжырымдарын тілдің жаңа бағыты болып саналатын сөзтану, сөз мәдениетінде қолдана алады.

Тірек сөздер: қазақ тіл білімі, сөзтану, тіл және сөз, сөз мәдениеті, сөйлеу, сөйлеу актілері, антропоорталық, сыртқы және ішкі сөз, жазбаша сөз бен ауызша сөз

Кіріспе

Жалпы тіл білімінде «сөз» ұғымы адам тілінің мәні мен қызметін, құрылымын анықтауда негізгі категориялардың бірі ретінде қарастырылады. Шетелдік лингвистер сөздің табиғаты мен атқаратын қызметін жан-жақты сипаттап, түрлі теориялық бағыттар тұрғысынан зерттеген. Ф. де Соссюр зерттеуінде тіл – әлеуметтік құбылыс, ал сөз – сол жүйенің нақты көрінісі ретінде түсіндіріліп, кейіннен бұл зерттеу сөйлеу мен дискурс туралы теориялардың қалыптасуына негіз болғанын көріп отырмыз. Р.Якобсон сөзді коммуникация актісінің негізгі компоненті ретінде сипаттап, оның құрылымдық және функционалдық қызметін айқындағаны белгілі. Ал, М.Бахтин сөзді әлеуметтік-мәдени қатынастың формасы ретінде қарастырып, оның диалогтік табиғатын ашқанын кейінгі ғалымдар зерттеулерінен көруге болады. М.Бахтиннің осы тұжырымы қазіргі антропоөзекті бағыттағы тілтануға, соның ішінде сөз лингвистикасы мен сөз мәдениетіне негіз болғаны мәлім.

Жалпы шетелдік ғалымдардың зерттеулерінде «сөз» ұғымы – адам болмысының көрінісі, тілдің қызметін жүзеге асыратын коммуникативтік, когнитивтік, әлеуметтік әрекет. Осы тұжырымдар қазақ тіл біліміндегі сөзтану немесе сөз лингвистикасы бағытындағы зерттеулермен де үндес келеді.

Қазақ тіл білімінің өзіндік даму тарихы бар. Қоғам дамыған сайын ғылымның жаңа салалары пайда болады. Ғылымдағы жаңа бағыттың пайда болуына түрткі болатын дүниелер - сол ғылым туралы алғашқы ғылыми ой-пікірлер мен тұжырымдар. Қазақ тіл білімі әлемдік лингвистиканың бір бөлшегі ретінде бүгінгі таңда жаңаша даму үстінде. Қазіргі тіл ғылымындағы өзекті зерттеліп жатқан саланың бірі – сөз, сөз мәдениеті. Адамның сөзін зерттеу – лингвистиканың, психологияның, биологияның, әлеуметтанудың, физиканың және т.б. салалардың тоғысуында пайда болып жатқан әр түрлі ғылымдардың өмірге келуіне ықпалын тигізді. Сөзді зерттеу арқылы адамның, қоғамның табиғатын, болмысын, мәнін, қызметін ашу – бүгінгі қазақ тіл білімінің өзекті тақырыптарының біріне айналып отыр. Тақырыптың өзектілігі — «сөз» ұғымы мен қызметіне қатысты ғылыми көзқарастарды, тұжырымдарды қарастыру арқылы қазақ тіл біліміндегі сөз лингвистикасының тарихи даму кезеңдерін көрсету, оның ғылыми-теориялық негізін айқындау. Мақсаты — қазақ тіл біліміндегі сөздің мәнін,

қызметін ашу, сөз лингвистикасын жан-жақты зерттеп, оның ғылыми-теориялық, практикалық мәндерін айқындау. Мақсатқа сай міндеттерді атқару үшін қазақ тіл ғылымының әр кезеңдегі ғалымдарының еңбектерін жинастырып, саралап, жүйелеп, сөзге қатысты ғылыми көзқарастар мен тұжырымдарды талдап, олардың ғылыми-теориялық жағын ашу жұмыстары жүргізілді.

Материалдар мен әдістердің сипаттамасы

Қазақ тіл біліміндегі «сөз» қызметінің зерттелуін қарастыру кезінде тіл ғылымындағы ғалымдардың еңбектері жинақталып, іріктеліп, сөз лингвистикасына, сөз мәдениетіне, сөйлеуге қатысты ғылыми тұжырымдары бар материалдар сараланып, талданды. Сонымен қатар табылған материалдар тарихи тұрғыдан салыстырыла қаралды, иерархиялық жүйе сақталынды.

Сөз жайлы қазақ тіл біліміндегі XX ғасыр басындағы қазақ тіл ғылымының негізін қалаған А.Байтұрсынұлының, Алаш қайраткерлері, әрі бірі педагогикаға, екіншісі психологияға қатысты оқулық жазған М.Жұмабаев пен М.Дулатовтың оқулықтары, Қ.Жұбановтың ғылыми мақалалары жан-жақты қарастырылды.

Сонымен қатар XX ғасырдың 60-80 жылдардағы қазақ тіл білімінің зерттеушілері Ғ.Мұсабаев, Ы.Маманов, М.Балақаев, Т.Қордабаев, К.Аханов еңбектеріндегі сөз бен сөйлеуге, тіл мен сөз мәдениетіне қатысты ғылыми тұжырымдары салыстырыла талданды.

Талдау нысаны ретінде алынған сөз қызметін зерттеген ХХІ ғасырдың басындағы зерттеушілердің еңбектері де қарастырылды. Олар: Н.Уәли, Д.Алкебаева және С.Құлмановтың оқулықтары, М.Мұратованың зерттеуі мақаланың дерек көздері ретінде алынды.

Талқылау мен нәтижелер

Жалпы тіл білімі тарихында адамның сөзін зерттеу қай кезеңде де өзекті тақырып болып келеді. Тілдің пайда болып, оның даму тарихын зерттеу арқылы адамның сөзін, яғни сөйлеуді қарастырмау мүмкін емес еді. Әйтсе де, кез келген лингвистикалық теория зерттеудің, сипаттаудың бастау нүктесін тіл мен сөйлеудің біріне негізделуі тиіс. Егер олай болмаса, зерттеу о бастан-ақ жүйесіздік жолға түседі [1, 39 б.]. Мақалада сөздің, яғни сөйлеудің («сөйлеу» термині мақалада «сөз» ретінде алынған) анықтамасы, оған тән белгілер, сөзді зерттеген ғалымдардың тұжырымдары негізінде талданады. Бұл зерттеуде қазақ тіл біліміндегі сөз ғылымының зерттелуі А.Байтұрсынұлынан басталып қарастырылады. Себебі қазақ лингвистикасының зерттелуін филолог ғалымдар XX ғасыр, яғни А.Байтұрсынұлының еңбектерінен бастауды ұсынады. Ал, А.Байтұрсынұлына дейінгі қазақ лингвистикасына қатысты зерттеулер екінші тілдік бірлік ретінде қарастырылғандығын, сол үшін тілдің табиғи заңдылықтарының жан-жақты әрі жүйелі түрде зерттеуде тереңінен талдау

байыбына барудың қиын екендігін айтқан [2, 8 б.], яғни қазақ тіл білімін арнайы зерттеуге келген сол кездегі миссионер ғалымдар қаншалықты зерттеу жұмыстарын жүргізіп, өзінің ғылыми болжамдарын жасаса да, қазақ тілінің табиғи даму тарихының төл өкілі болмауына байланысты ұлттық танымға тереңінен кіре алмады дейді [3, 54 б.].

Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде «сөз» ұғымына екі түрлі анықтама беріледі: 1) сөйлемді құрауға қатысатын жеке ұғым атауы; 2) Сөйлеу, тіл [4, 500 б.]. Түсіндірме сөздікте «сөз» ұғымына қатысты екі нақты анықтамасы берілген. Мұнда сөйлеу мен тілді мәндес ұғымдар етіп қарастырғаны көрініп тұр. Бұдан басқа да алғашқы зерттеулердегі тіл мен сөзге берілген түсініктемелерден екеуін бір ұғым деп ойлап қалуымыз мүмкін. Десек те екеуінің арақатынасы туралы айтылған ғылыми тұжырымдар да жоқ емес.

Қазақ тіл біліміне функционалды грамматиканың енуімен бірге сөйлеуге, яғни адамның сөзін тұтастай зерттеуге ғалымдар жан-жақты көңіл бөле бастады. Тіл білімінде әр саланың өзіне қатысты нақты атаулары, терминдері бар. Қазіргі лингвистикада тіл біліміне қатысты кейбір терминдерде әлі де бірізділік кездеспейтіндігін аңғаруға болады. Мәселен функционалды грамматиканы жұмсалым, практикалық грамматика деп атап жүрсе, сөйлеуді лебіз, жұмсалым, сөз секілді түрлі ұғымдармен беріп жүр. Әр зерттеушінің терминдерге өзіндік берген дәлелдері мен негіздері де жоқ емес. Әйтсе де, жоғарыда көрсетілгендей бұл мақалада «сөйлеу» термині «сөз» ұғымымен беріледі. Мақаладағы қарастырылатын мәселе осы сөз ғылымы туралы қазақ ғалымдарының еңбектерінде кездесетін көзқарастары мен тұжырымдарын саралау болып табылады.

Қазақ тіл білімінің төл зерттеу кезеңінің өкілі А.Байтұрсынұлының тіл мен сөзге қатысты айтылған тұжырымдарынан сөз ғылымы туралы алғашқы теориялық ойларды анық көреміз. А.Байтұрсынұлы тілді адамның адами белгісінің биік шыңы және оны жұмсайтын қаруының бірі ретінде сипаттап, адамның сөзіне тән нақты екі, яғни когнитивті және коммуникация қызметтерін белгілеп беріп [4, 173 б.], тілдің жұмсалым қызметін айрықша көрсетеді де, сол кездегі заманның басты құралы жазу екенін айтып, жазудың да сөйлесудің бір тәсілі бола отырып, оның ауызша сөйлесуден артықшылығын келтіреді. Осылайша жазбаша сөйлесудің нормасы мен жүйесін белгілеп [5, 174 б.], ауызша және жазбаша сөйлеудің түрін жіктеп, екеуінің, сондай-ақ жазбаша сөйлеудің қызмет аясының кеңдігін өз еңбегінде тілдік тұрғыдан негіздеп берген. А.Байтұрсынұлының осы бір «сөйлегенде сөздің жүйесін, қисынын, келтіріп сөйлеу қандай керек болса, жазғанда да сөздің кестесін келтіріп жазу» пікірін тек орфонорма жағынан ғана қарау біржақтылық болады, екінші қырынан, яғни сөз лингвистикасы (речевая лингвистика) жағынан талдайтын болсақ, тілтанушы ғалым А.Байтұрсынұлы осы пікірі арқылы сөздің реттеуші мен бағдарламаушы қызметтерін сипаттап тұр. Ахмет Байтұрсынұлының сөзге қатысты қысқа тұжырымы «Жұмсалым грамматика негіздері» атты монографияда жан-

жақты талданған. Тілдің міндеті деп, оның ақылмен, қиялмен, көңілмен байланыстыра айтылатындығын ғалымдар түсіндіріп, тілдің ішкі мүмкіндігінің шексіздігін, ал тілдің жұмсалыу қызметінің сөйлеу (речь) арқылы жеке адамның дамытатындығын, сонымен қатар тіл мен сөйлеудің арақатынасы анық, дәл көрсетілген [1, 41-42 б.]. Демек А.Байтұрсынұлының «Тіл тағылымы» мен «Әдебиет танытқыш» еңбектерінде берілген тіл мен сөзге қатысты тұжырымдамаларын сөз ғылымының қалыптасуындағы алғашқы іргетасы деп айтсақ болады.

Жүсіпбек Аймауытұлы - тек қазақ әдебиетін қалыптастырушы ғана емес, жазушы, драматург, публицист, сондай-ақ психологияны зерттеп, сол бағытта оқулық жазған ғалым. «Психология» және «Жан жүйесі мен өнер таңдау» еңбектеріндегі тұжырымдары тек психологияда емес, психолінгвистика секілді пәнаралық байланыста қолданылып жүр. Ж.Аймауытов өзінің еңбегінде психологтың өз зерттеу нысанынан байқауға тиіс белгілерін қарастыру кезінде жалпы адамның мінезі – оның бет құбылысы, дене әрекеті, сөзі арқылы да толық танылмайтындығын айтады. Себебі беті бояма, сөзі жалған, қимылы өтірік болуы мүмкіндігін де ескертеді. Бірақ осының ішінде адамның сөзі – адамның қылығын көрсететіндігін жеткізеді [6, 53-56 б.]. Осы еңбегінде Ж.Аймауытов «сөйлеу» ұғымын «сөз» ретінде қолданып, тіпті оның орысша баламасын «речь» деп берген. Сол сияқты «Ұғым мен сөйлеу» бөлімінде Ж.Аймауытұлы ұғым мен сөздің арақатынасын, әр қайсының өзіне тән белгісі мен қызметінің ара жігін ашып, адам сөзінің дамуын айқындап береді [6, 189-192 б.]. Сонымен қатар сөз иелеріне, яғни көпшілік алдына шығатын сөйлеушілерге, яғни оқытушылар, кітап жазушылар, газетшілер, саяси шешендер, әдебиетшілер, ақындарға өз сөздерінде алдындағы сөз арнаушыларының деңгейін ескеруді айтып [6, 193 б.], сөз ғылымындағы оқытушы мен білім алушы; жазушылар, газетшілер мен оқырмандар; саяси шешендер мен халық; әдебиетшілер, ақындар мен поэзия сүйер қауым секілді әлеуметтік тілдік тұлғалар арасындағы прагматиканы көрсеткені белгілі. Ж.Аймауытұлының «Сөз бен ой бірінен-бірі айырылмайтын қайнаса біткен нәрсе. Сөз - ойдың айнасы. Ойсыз сөз - сөз болмайды...» [6, 197 б.] деген тұжырымы сөз лингвистикасындағы ойдың сөзге қатынасын, сондай-ақ сөздің ойға әсерін, ойлау арқылы ойдың сөзге ауысу процесі болып табылатындығы баяндалған.

Адам сөзін, оның мәнін, қызметін, оймен арақатынасын зерттеушілердің бірі - Мағжан Жұмабаев. М.Жұмабаев «Педагогика» атты еңбегінің «Тіл» тарауында: адам жанының жайын сыртқа шығару құралының бірінің сөз екендігі дәлелденген. Ойдың тілі – сөз деп, сөздің когнитивті белгісі сипатталады. Сондай-ақ адамзаттың қарым-қатынас құралы сөз арқылы жүзеге асатындығын білдіріп, оның коммуникациялық қызметін айқындап береді [7, 134-135 б.]. Осылайша М.Жұмабаев сөздің когнитивтік, психологиялық, лингвистикалық аспектілерін талдайды. «Жанның жайын жарыққа шығаратын және ойдың тілі – сөз» деп атап,

сөз арқылы ойды шығарсақ, керісінше, сөз арқылы ойды танитынымызды айтады. Осылайша ойлау мен сөздің арақатынасын психолінгвистикалық қырынан түсіндіріп береді. «Бала тілі» бөлімінде жалпы адам сөзінің пайда болу мен даму формасын көрсете отырып, сөздің алғашқы түрін іңгәлеу, содан кейін дыбыс шығару, ат қою деп көрсетіп, бірте-бірте адам баласы қысқарған сөздерді айтып, кейін зат есімдер, етістіктер, сын есімдермен сөйлесе бастаса, адамның физиологиясы мен психологиясы дамыған сайын сөйлем, күрделі сөйлем құру формасына өтетіндігін баяндаған [7, 137 б.]. Сол үшін баланың сөзі дұрыс әрі нақты болу үшін «бала тілінде» сөзді бұрмай, еркелетпей сөйлеудің оң әсерін түсіндіреді. Қазіргі сөзтанудағы (речеведение) немесе әлеуметтік лингвистикадағы қалыпты бала сөзін қалыптастырудағы ата-ана сөзінің (әлеуметтік статус пен отбасы атты әлеуметтік топ), мектептің (әлеуметтік топ) рөлін және ондағы мұғалім (әлеуметтік статус) сөзінің маңыздылығын айтады.

Құдайберген Жұбановтың қазақ тіл біліміне сіңірген еңбегі зор. Тілтанушы ғалымдардың барлығы дерлік өз зерттеулерінде Қ.Жұбановтың ғылыми тұжырымдарын басшылыққа алатыны белгілі. Қ.Жұбанов грамматика бөлімінде «сөз» ұғымын басқа грамматист ғалымдардан өзгеше талдайды. «Сөз деген не?» деген риторикалық сұрақтан бастап, оның екі мағынада қолданылатындығын көрсетеді. Алғашқысы, «жазылған, сөйленген сөздің бәрін де сөз дейміз» деп, адамның ауызынан шыққан тұтас бір сөзді көрсетіп, мысал келтіреді. Екіншісінде, «нәрсенің атының бір өзін ғана сөз дейміз» деп, соңғы анықтаманың грамматикаға қатысы бар деп түсінік береді [8, 31 б.]. Қ.Жұбанов сөздің ауызша және жазбаша түрін «сөз ауызекі сөйленеді, қағазға жазылады» деп ажыратып береді. Сондай-ақ сөздің осы екі түрінің әр қайсысына тән белгісін сипаттап түсіндіреді. Ауызша сөзде еркіндік барын, ал «жазулы сөзде» ауызша сөзбен салыстырғанда кеңшілік жоқ екенін айтып, тек көпшілік алдындағы сөзге жазбаша сөзге қойылатын талаптардың болатындығын жеткізеді [8, 30 б.]. Қ.Жұбанов сыртқы және ішкі сөйлеуге, ой мен сөзге анықтама берген. Сөйлеудің мақсаты – ой алмасу десе, ойдың материалын сөз деп көрсеткен.

Ғ.Мұсабаев та сөйлеу тілінің еңбектің нәтижесінде пайда болғанын айтып, «Сөздің пайда болуы» деген бөлімінде «Сөз ол баста күнделікті қоғам өмірінің қажетінің салдарынан пайда болған» деп, осы тұста сөзді «речь» [9, 84 б.] деген мағынада қолданғанын көрсетеді.

Ы.Маманов сөздің екінші үстеме мағынасын орыс тіліндегі «речь» ұғымын білдіреді дей келе, «адам көрген, білгенін, естігенін көкейіне сөз арқылы түйіп сақтайды, сөз арқылы ойлайды, сөзсіз ой жоқ» екенін түсіндіріп береді [10, 423-424 б.]. Осылайша сөз арқылы дүниені танып, ойды сөз арқылы жеткізетінімізді, коммуникациядағы сөздің қызметін ұқтырады. Ғалым Ы.Маманов шешендер сөзі, лектордың сөзіне қойылатын талаптарды айқындап берген. Сөз ғылымындағы көпшілік алдында сөйлейтін сөздің фонетикалық, орфоэпиялық нормаларын түсіндіріп, оған

қоса «просторечье» сөзін «қарапайым сөздер» деген терминмен береді [10, 418-420 б.]. Ауызша сөз түрін «сөйлеу тілі», ал жазбаша сөзді «баспасөз тілі» деп қолданған.

М.Балақаев - тіл мәдениеті саласында мол мұра қалдырған лингвист ғалымдардың бірі. Осы еңбегінде ғалым «сөз ауыздан шығып, құлаққа естіледі де, кісінің ойынан қоныс табады» [11, 34 б.] деп, сөздің айтушы мен тыңдаушыға қатысты және когнитивті қызметтерін танытады. Сонымен қатар лингвистикадағы тілдік норма мен коммуникациядағы сөйлеу нормасының арақатынасы жайлы алғашқы көзқарасты байқауға болады. Тілдік норманы тек жазуда ғана емес, сөз қолдануда да, жалпы тілдің тұтас бойында сақтау керек деп айтса да, бұл тәртіптің кейбір мәселелерде жүзеге аспайтындығын мысал арқылы дәлелдеп береді. Сөйлеу тіліндегі «жиырма» сөзін «жігірме», «жерме» деп түрліше айтылатындығын және оны мәдениетсіздік деп таниды [11, 28 б.]. Ғалым жұрт алдында сөйлеу туралы ұтымды зерттеулерін баяндай отырып, лектор сөзіне қойылатын талаптарды саралап береді [11, 49-52 б.]. Айтушы мен тыңдаушы арасындағы прагматикалық қарым-қатынас, лектордың сөзіне қойылатын фонетикалық нормалардан бастап, қолы мен түр әлпетінің қимылы, ішкі дайындық, яғни бұл ішкі сөз және т.б. талаптары – осының бәрі бүгінгі таңда көпшілік алдына шығып сөйлейтін әлеуметтік тұлғаның сөзінің көмекші құралы болып табылады.

К.Аханов өзінің «Тіл білімне кіріспе» еңбегінде тіл білімі ғылымының басты нысанының тіл және оның даму заңдылығы екенін айтып, бұл ғылымның зерттеу бағытын айқындап береді. Сонымен қатар тілдің басқа да ғылым салаларымен байланысын әр қайсысын жеке талдап, тілдің әлеуметтік және физиологиямен байланысында «речь» ұғымын «сөйлеу» деп береді [12, 20 б.]. Ал И.П.Павловтың ми мен сөйлеу әрекеті арасындағы байланыс туралы ғылыми тұжырымын аударғанда «речь» терминін «сөз» ұғымымен береді [12, 19 б.].

Ғалым Т.Қордабаевтың еңбегінен жалпы сөйлеу әрекеттерінің заңдылықтарын зерттейтін, бүгінде сөзтану ғылымы, сөз лингвистикасы деген секілді атаулармен аталып жүрген ғылым саласының бастау алған кезін талдап, әуел баста психолінгвистика болып, кейін сөйлеу әрекеттерінің теориясы туралы ғылым, информация теориясы деп аталғандығын айтып, оның басты мақсаты – хабарды беру мен хабарды алу үрдісін зерттеу екендігін көрсеткен [13, 53 б.]. Тілге анықтама беру барысында сөйлеуді де талдап, тіл мен сөйлеудің арақатынасын ажыратады. Сөйлеу актісінің күрделі құбылыс екендігін айта келе, сөйлеуді тілдің алғашқы тіршілік ету формасы деп түсіндіреді. Сөйлеудің тілдік материалдар арқылы жүзеге асады деп, оны толықтай тілдік нормаға бағынады, тәуелді деп көрсетеді. Бірақ сонымен қатар, тілді жеке адамдардың сөздері, сөйлеуі арқылы өмір сүреді деп, тілдегі бар нәрсенің сөйлеуде болатындығын, ал сөйлеудегінің тілде болмайтындығын саралап береді [13, 124-126 б.]. Т.Қордабаевты басқа

лингвист ғалымдармен салыстыра қарағанда тіл мен сөздің байланысын, айырмашылығын, тілге және сөзге тән белгілерін, қызметтерін шетелдік ғалымдардың тұжырымдарын келтіре отырып, жіті талдайтындығын байқауға болады. Ғалым «речь» ұғымын «сөйлеу» деп көрсетеді. Сөйлеуге тән индивидуалдық сипатта әлеуметтік сипаттың бар екенін дәлелдеп, сөйлеудің осы қасиетін тілге қарсы қоюдың мәні жоқ екенін көрсетеді [13, 127-128 б.].

Қазақ тіл ғылымында сөз мәдениеті (речевая культура), сөз экологиясы (лингвоэкология) бағыттары зерттеліп жатыр. Осы бағыттағы зерттеулерді қарасақ, тіл мәдениеті мен сөз мәдениетінің де ара жігі ашылып, әр ғылымның өз нысаны сараланып келеді. М.Балақаев - қазақ тілі ғылымында тіл мәдениетін қарастырған алғашқы зерттеуші. Содан кейін Р.Сыздықтың есімін ерекше айтуға болады. Ал, Н.Уәли - қазақ тіл білімінде сөз мәдениетін тіл мәдениетінен ажыратып, оның ғылыми-теориялық негіздерін айқындаған ғалым. Сонымен қатар Д.Алкебаева сөз мәдениетінің көп аспектілі сипаттарын, сөзтану ғылымының өзекті мәселелерін, олардың ұғымдары мен категорияларын қарастырған.

Н.Уәли «Сөз мәдениеті» еңбегінде тіл мен сөздің арақатынасын ашып, олардың өздеріне тән қызметтерін көрсетеді. Ғалым норманың тіл мәдениетінің өзегі екенін, норманың тілдің жүйесі мен құрылымына, заңдылығына негізделетінін еңбегінде көрсетеді. Сонымен қатар сөз мәдениетіне қойылатын талаптарды да саралап, талдайды. Осылайша сөз мәдениетінің тіл білімінің әр саласы бойынша жинақталған білім негізінде іске асатындығын анықтайды [14], сөз және тіл мәдениетінің айырмашылығын, олардың прагматикалық, қарым-қатынастық, сөз танымдық, сөз экологиясы мен әдеби аспектілерін көрсетіп береді.

Д.Алкебаева сөз мәдениетінің негізгі теориялық мәселелері сөзтану (речеведение) ғылымында айқындалатындығын айтқан. Сөз мәдениетінен бұрын зерттеуші автор сөзтану ғылымын қарастырады. Бұл ғылымның негізгі нысанын адамдардың сөзі немесе «жанды сөзі» деп алып [15, 9-13 б.], осы тұста сөзге «жоғары қабілетті тұлғаның әлеуметтік-лингвистикалық компетенциясы арқылы бір немесе бірнеше сөйлемнің жиынтық операциясынан тұратын ой, пікірі ретінде танылатын тілдің динамикалы үдерісінің өндірісі» деген анықтама беріп, сөзге тән белгілерді көрсетіп, сөз жанрлары, сөйлеу актілері, сөздің сыртқы және ішкі түрлеріне, олардың қызметтеріне жан-жақты талдау жасап, сөз лингвистикасының ғылыми-теориялық негізін айқындап береді.

Коммуникацияның ерекше құбылысы болып табылатын адам сөзін кешенді зерттеу арқылы қазақ тіл білімінде жаңа бағыт – сөз лингвистикасының мәнін ашу да бүгінгі күннің өзекті тақырыптарының біріне айналып отырғаны рас. Себебі сөз мәдениеті, әдебі, нормасы, танымы, функциясы, экологиясы және т.б. аспектілерінің барлығы тікелей сөз ғылымынан бастау алатынын тіл ғылымындағы зерттеулерден көрініп отыр.

Қорытынды

Жоғарыда қазақ тіл білімі ғылымындағы зерттеушілердің сөз немесе сөйлеуге қатысты ғылыми тұжырымдарын талдап, саралай келе, сөз лингвистикасының қалыптасу кезеңдерін көрсетуге болады. Себебі қазақ тіл ғылымында сөз немесе сөйлеу мүлдем қарастырылмаған деген сөз қисынға келмейді. Жалпы сөздің қызметін халық ауыз әдебиетінің жанрларында да кездестіруге болады. Мәселен, қазақ мақал-мәтелдерінде сөз бен тілдің қызметін, танымын айқындап беретін нақыл сөздер жетерлік. Сол сияқты қазақтың би-шешендері, жыраулар тілінде де сөз өнерінің орны айрықша. Бірақ мақалада сөйлеуге немесе сөзге қатысты алғашқы ғылыми-теориялық тұжырымдардан бастап, оның даму кезеңдерінің жүйесін сақтай отырып, ХХІ ғасырдағы сөзтану ғылымы, сөз мәдениетіне қатысты зерттеуші ғалымдардың еңбектері берілді. Қорытындылай келе, қазақ тіл білімінде «сөз» ұғымының мәнін, қызметін зерттеген ғылыми еңбектерді негізге ала отырып, сөзтану ғылымының даму кезеңдерін шамамен төмендегідей көрсетуге болады:

- ХХ ғасыр басындағы «сөз» қызметі туралы алғашқы ғылыми көзқарастар (А.Байтұрсынұлы, М.Жұмабаев, М.Дулатов, Қ.Жұбанов);

- ХХ ғасырдың 60-80 жылдардағы сөйлеу мен тілдің арақатынасы туралы ғылыми ойлар, тіл мәдениетінің ғылыми-теориялық негізінің қалануы, ғылыми көзқарастардың пайымдаулары (Ғ.Мұсабаев, Ы.Маманов, М.Балақаев, К.Аханов, Т.Қордабаев, Р.Сыздық және т.б.);

- Тәуелсіздік жылдарындағы зерттеулер: тіл мен сөз мәдениетінің зерттеу нысанының айқындалған кезі, сөз мәдениетінің жан-жақты аспектіде зерттелуі, сөз лингвистикасының зерттелуінің алғашқы ғылыми-теориялық негіздері (Д.Алкебаева, Н.Уәли және т.б.).

Бұл шағын мақалада қазақ тіл білімі ғылымындағы басқа да зерттеуші авторлардың сөзге қатысты ғылыми тұжырымдарын қарастыру мүмкіндігі тумады. Профессорлар Ә.Қайдар мен Р.Сыздық, М.Оразов, Р.Әмір және тағы да басқа зерттеушілердің еңбектерінде «сөз» тұжырымына қатысты құнды ғылыми материалдар бар. Олардың бір қатары басқа зерттеулерде берілген болатын.

Бұл мақаладасөзгеқатыстыәлідеөзектімәселелердің, пікірталастардың барына көз жеткізуге болады. Мәселен, сөз лингвистикасына қатысты «сөз» ұғымында бірізділіктің жоқтығы, яғни түрліше аталуы: сөйлеу, сөз, лебіз, жұмсалым деген секілді; сол сияқты әлі күнге дейін кейбір еңбектерде тіл мен сөзді мәндес, ұғымдас ретінде қарастырылуы; осыған орай тіл мен сөз мәдениетін де мәндес етіп қарастыруы; тілдік норма мен сөйлеу норманың ара жігінің ашылмауы; сөзтану немесе сөз лингвистикасының баяу зерттелуі және т.б.

Тәуелсіздік алғалы қазақ тіл білімін зерттеудің жаңаша әдістері, жолдары ашылды. Антропоөзекті секілді зерттеудің нәтижесінде қазақ тілі білімі ғылымында бірнеше ғылым салаларының тоғысуында пайда болған

тың бағыттар ашылды. Қазірде адамның сөзін бір ғана ғылым тұрғысынан зерттеу – оны толықтай ашу деп саналмайтын болды, керісінше, жан-жақты зерттеу жұмысын жүргізу үшін кешенді талдау қажет. Тіл ғылымы – жалпы, себебі ол басқа барлық ғылымдарда қолданылады. Қоғамдық және жаратылыстану бағыттарындағы ғылымдарды тілсіз елестету мүмкін емес. Қазақ тіл білімі де әлемдік тіл ғылымының бір бөлшегі ретінде үнемі даму үстінде.

ӘДЕБИЕТ

- [1] Құлманов С. Жұмсалымды грамматика негіздері (монография-оқулық). – Алматы, «Мемлекеттік тілді дамыту институты», 2016. – 508 б.
- [2] Салқынбай А. Қазақ тіл білімі тарихы. – Алматы: Қазақ университеті, 2016. – 220 б.
- [3] Иманқұлова С. М. Қазақ тіл білімінің зерттелу мақсаты // ҚазҰУ хабаршысы. Филология сериясы. – 2014. – № 2(148). – Б. 49-55.
- [4] Бұралқыұлы М. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. – Алматы: Мектеп, 2008. – 680 б.
- [5] Байтұрсынов А. Тіл тағылымы. – Алматы: Ана тілі, 1992. – 448 б.
- [6] Аймауытұлы Ж. Психология. – Алматы: Рауан, 1995. – 312 б.
- [7] Жұмабаев М. Педагогика. – Алматы: Marfu press, 2023. – 184 б.
- [8] Жұбанұлы Қ. Қазақ тіл білімінің мәселелері. – Алматы: Абзал-Ай, 2013. – 640 б.
- [9] Мұсабаев Ғ. Қазақ тіл білімінің мәселелері. – Алматы: Арыс, 2008. – 472 б.
- [10] Маманов Ы. Қазақ тіл білімінің мәселелері. – Алматы: Арыс, 2007. – 488 б.
- [11] Балақаев М. Қазақ тіл білімінің мәселелері. – Алматы: Арыс, 2008. – 592 б.
- [12] Аханов К. Тіл біліміне кіріспе. – Алматы: Өлке, 2010. – 560 б.
- [13] Қордабаев Т. Жалпы тіл білімі. – Павлодар, 2010. – 234 б.
- [14] Әміржанова Н. «Тіл мәдениеті» ме, «сөз мәдениеті» ме? <https://abai.kz/post/122397>
- [15] Алкебаева Д. Сөз мәдениеті. – Алматы: Қазақ университеті, 2014. – 2013 б.

REFERENCES

- [1] Qulmanov S. Zhumsalymdy grammatika negizderi (monografiya-oqulyq) [Basic grammar (monograph-textbook)]. – Almaty: Memlekettik tildi damytu instituty, 2016. - [in Kaz.]
- [2] Salqynbai A. Qazaq til bilimi tarihy [History of Kazakh linguistics]. – Almaty: Qazaq universiteti, 2016. – 220 b. [in Kaz.]
- [3] Imanqulova S. M. Qazaq til biliminin zerttelu maqsaty [Purpose of the study of Kazakh linguistics] // QazUU habarshysy. Filologia seriasy. – 2014. – № 2(148). – B. 49-55. [in Kaz.]

[4] Buralqyuly M. Qazaq tilinin tusindirme sozdigi [Explanatory Dictionary of the Kazakh language]. – Almaty: Mektep, 2008. – 680 b. [in Kaz.]

[5] Baitursynov A. Til tagylymy [Language lessons]. – Almaty: Ana tili, – 1992. – 448 b. [in Kaz.]

[6] Aimauytuly Zh. Psiqologia [Psychology]. – Almaty: Rauan, 1995. – 312 b. [in Kaz.]

[7] Zhumabaev M. Pedagogika [Pedagogy]. – Almaty: Marfu press, 2023. – 184 b. [in Kaz.]

[8] Zhubanuly Q. Qazaq til biliminin maseleleri [Problems of Kazakh linguistics]. – Almaty: Abzal-Ai, 2013. – 472 b. [in Kaz.]

[9] Musabaev G. Qazaq til biliminin maseleleri [Problems of Kazakh linguistics]. – Almaty: Arys, 2008. – 472 b. [in Kaz.]

[10] Mamanov Y. Qazaq til biliminin maseleleri [Problems of Kazakh linguistics]. – Almaty: Arys, 2007. – 488 b. [in Kaz.]

[11] Balaqaeв M. Qazaq til biliminin maseleleri [Problems of Kazakh linguistics]. Almaty: Arys, 2008. – 592 b. [in Kaz.]

[12] Ahanov K. Til bilimine kirispe [Introduction to linguistics]. – Almaty: Ælke, 2010. – 560 b. [in Kaz.]

[13] Qordabaev T. Zhalpy til bilimi [General Linguistics]. – Pavlodar, 2010. – 234 b. [in Kaz.]

[14] Amirzhanova N. «Til madenieti» me, «soz madenieti» me? [“Language culture” or “speech culture”?]. <https://abai.kz/post/122397> [in Kaz.]

[15] Alkebaeva D. (2013). Soz madenieti [Speech culture]. – Almaty: Qazaq universiteti, 2014. – 2013 b. [in Kaz.]

ИЗУЧЕНИЕ ПОНЯТИЯ И ФУНКЦИЙ «РЕЧИ» В КАЗАХСКОМ ЯЗЫКОЗНАНИИ

*Мырзабаева Б.Д.¹, Алкебаева Д.А.

*^{1,2}Казахский национальный университет имени аль-Фараби
Алматы, Казахстан

Аннотация. Казахская лингвистика имеет собственную историю развития. Ежегодно в лингвистике зарождаются новые отрасли. Следует отметить, что одной из интенсивно изучаемых отраслей современного языкознания является речь, культура речи. Изучение человеческой речи способствовало зарождению различных наук, возникших на стыке лингвистики, психологии, биологии, социологии, физики и др.

В статье рассмотрены научные суждения, взгляды, выводы ученых в области казахского языкознания относительно речи и ее функций, рассмотрены теоретические и методологические основы способов и приемов исследования этимологии значения понятия речи.

Цель научного исследования – анализ исследований по вопросам истории развития речи в казахском языкознании, выявление сущности речи, раскрытие ее функций, всестороннее исследование проблем речеведения.

Направление исследовательской работы – рассмотрение речи в рамках языковых наук, таких как психолингвистика, социолингвистика, когнитивная лингвистика, культура речи, прагматилистика посредством комплексного анализа в лингвистическом, психологическом, социальном, когнитивном аспектах.

Научная значимость исследовательской работы заключается в раскрытии сущности и функции понятия «речь», изучение которой приобрело в настоящее время особую актуальность, рассмотрении истории развития и формирования речеведения как отрасли науки, применение результатов исследования в сфере культуры речи, речеведении.

В качестве методологии исследования для достижения цели были использованы методы и приемы сбора материала, отбора, систематизации, интерпретации, анализа, дифференциации данных.

Основные результаты исследовательской работы заключаются в том, что на протяжении развития казахского языкознания с каждым годом совершенствуются и углубляются научные выводы по проблемам речи и ее функций, в настоящее время определены научно-теоретические основы речеведения и культуры речи. Дифференцируются области языка и речи.

В современный период известно достаточно большое количество научных исследований новых отраслей казахского языкознания. Тем не менее, рассмотрение и анализ исследований по проблемам речеведения, социолингвистики, психолингвистики, культуры речи, требующих научного подхода, демонстрируют ценность данной работы. Статья может быть использована в качестве материала в процессе изучения дисциплин «Речеведение», «Социальная лингвистика», «Культура речи».

Практическая значимость работы заключается в возможности использования результатов исследования ученых в области казахского языкознания по вопросам речи и ее функций в новых направлениях, таких как речеведение, культура речи.

Ключевые слова: казахское языкознание, речеведение, язык и речь, культура речи, речь, речевой акт, антропоцентрический, внешняя и внутренняя речь, письменная и устная речь

STUDYING THE CONCEPT AND FUNCTION OF «SPEECH» IN KAZAKH LINGUISTICS

*Myrzabayeva B.D.¹, Alkebayeva D.A.²

*^{1,2}al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan

Abstract. Kazakh linguistics has its own development history. Every year new branches of science are emerging in linguistics. One of the most topical areas of study in modern linguistics is the word, the word culture. The study of human speech has contributed to the emergence of various sciences that have come to live at the intersection of linguistics, psychology, biology, sociology, physics, etc.

The article examines the scientific views, opinions, and conclusions of
“ФИЛОЛОГИЯ ҒЫЛЫМДАРЫ” сериясы No. 4 (79) 2025

scientists of Kazakh linguistics regarding the speech and its function, and the theoretical and methodological foundations of the methods and ways to find the origin and history of its meaning.

The aim of the research is to analyze research on speech in the history of the development of Kazakh linguistics, to reveal the meaning and function of speech, and to demonstrate the comprehensive study of speech.

The direction of the research work is to consider the speech in the context of such speech sciences as psycholinguistics, sociolinguistics, cognitive linguistics, speech culture, and pragmatics through a comprehensive analysis of linguistic, psychological, social, and cognitive aspects.

The scientific significance of the research work is to reveal the meaning and function of the concept “speech”, which is important in Kazakh linguistics, to show the history of formation and development of lexicology, to apply the conclusions of this research in the fields of speech science and speech culture.

In order to achieve the goal, such methods as: collecting, selecting, systematizing, explaining, analyzing, and data analysis were used as a research methodology.

The main results of the research are that during the development of Kazakh linguistics, scientific conclusions related to the speech and its function have been improved and deeply studied over the years, and today the scientific and theoretical basis of speech science and speech culture has been determined. The areas of study of language and speech are differentiated.

Currently, there are many studies on new areas of Kazakh linguistics. However, the consideration and analysis of studies related to speech science, sociolinguistics, psycholinguistics, and speech culture, which require scientific research, show the value of the work. The article can be used as material for the courses on “Speech science”, “Social linguistics” and “Speech culture” in higher educational institutions.

The practical significance of the research results is that the conclusions of Kazakh linguistic scientists about the speech and its function analyzed in the article can be used in speech science and speech culture, which are considered as a new language direction.

Keywords: Kazakh linguistics, speech science, language and speech, speech culture, speech, speech acts, anthropocentric, outer and inner speech, written and oral speech

*Мақала түсті / Статья поступила / Received: 16.04.2025.
Жариялауға қабылданды / Принята к публикации / Accepted: 25.12.2025.*

Авторлар туралы мәлімет:

Мырзабаева Балмира Джунусбековна – әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің PhD докторанты, Алматы, Қазақстан, <https://orcid.org/0009-0001-7820-0948>, e-mail: zhaszertteushi2023@mail.ru

Алкебаева Дина Акбергеновна – филология ғылымдарының докторы, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің профессоры, Алматы, Қазақстан, <https://orcid.org/0000-0003-2348-4047>, e-mail: alkebaeva@mail.ru

Информация об авторах:

Мырзабаева Балмира Джунусбековна – PhD докторант Казахского национального университета имени аль-Фараби, Алматы, Казахстан <https://orcid.org/0009-0001-7820-0948>, e-mail: zhaszertteushi2023@mail.ru

Алкебаева Дина Акбергеновна – профессор Казахского национального университета имени аль-Фараби, доктор филологических наук, Алматы, Казахстан, <https://orcid.org/0000-0003-2348-4047>, e-mail: alkebaeva@mail.ru

Information about the authors:

Balmira Myrzabayeva – PhD doctoral student at al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan, <https://orcid.org/0009-0001-7820-0948>, e-mail: zhaszertteushi2023@mail.ru

Dina Alkebaeva – Doctor of Philological Sciences, Professor, Kazakh National University named after al-Farabi, Almaty, Kazakhstan, <https://orcid.org/0000-0003-2348-4047>, e-mail: alkebaeva@mail.ru